

Листок-вкладыш – информация для пациента
Детский Панадол, 24 мг/мл, суспензия для приема внутрь для
детей

Действующее вещество: парацетамол

Перед приемом препарата полностью прочитайте листок-вкладыш, поскольку в нем содержатся важные для Вас сведения.

- Всегда принимайте препарат в точности с листком-вкладышем или рекомендациями лечащего врача или работника аптеки.
- Сохраните листок-вкладыш. Возможно, Вам потребуется прочитать его еще раз.
- Если Вам нужны дополнительные сведения или рекомендации, обратитесь к работнику аптеки.
- Если у Вас возникли какие-либо нежелательные реакции, обратитесь к лечащему врачу или работнику аптеки. Данная рекомендация распространяется на любые возможные нежелательные реакции, в том числе на не перечисленные в разделе 4 листка-вкладыша.
- Если состояние не улучшается или оно ухудшается через 3 дня, Вам следует обратиться к врачу.

СОДЕРЖАНИЕ ЛИСТКА-ВКЛАДЫША

1. Что из себя представляет препарат Детский Панадол, и для чего его принимают.
2. О чем следует знать перед приемом препарата Детский Панадол.
3. Прием препарата Детский Панадол.
4. Возможные нежелательные реакции.
5. Хранение препарата Детский Панадол.
6. Содержимое упаковки и прочие сведения.

1. Что из себя представляет препарат Детский Панадол, и для чего его применяют

Препарат Детский Панадол содержит действующее вещество парацетамол. Относится к фармакотерапевтической группе: Анальгетики и антипиретики (обезболивающее и жаропонижающее)..

Показания к применению

Препарат Детский Панадол применяется:

в качестве обезболивающего средства

- при прорезывании зубов
- при зубной боли
- при боли в горле

в качестве жаропонижающего средства

- при простудных заболеваниях
- при гриппе
- при детских инфекционных заболеваниях (таких как ветряная оспа, коклюш, корь, эпидемический паротит (свинка))
- после вакцинации

Способ действия препарата Детский Панадол

Парацетамол является обезболивающим и жаропонижающим средством с центральным и периферическим действием. Механизм действия выяснен недостаточно.

Обезболивающий эффект обусловлен ингибированием синтеза простагландина, в основном в центральной нервной системе, периферический эффект менее выражен. Блокирует циклооксигеназу в центральной нервной системе, воздействуя на центры боли и терморегуляции. Не оказывает влияния на состояние слизистой желудочно-кишечного тракта и водно-солевой обмен, поскольку не воздействует на синтез простагландинов в периферических тканях.

2. О чем следует знать перед приемом препарата Детский Панадол

Противопоказания

Не применяйте препарат Детский Панадол

- Если у Вас аллергия на парацетамол или любые другие компоненты препарата Детский Панадол (перечисленные в разделе 6 листка-вкладыша);
- Детский возраст до 2-х месяцев.

Особые указания и меры предосторожности

Перед применением препарата Детский Панадол, проконсультируйтесь с лечащим врачом или работником аптеки или медицинской сестрой.

Содержит парацетамол. Не принимайте одновременно с другими парацетамол-содержащими препаратами.

Не превышайте рекомендованную дозу, т.к. это может вызвать серьезное повреждение печени.

Необходима консультация врача до начала приема препарата в случае:

- если у Вас имеются заболевания печени или почек
- если Вы принимаете варфарин или другие препараты для разжижения крови
- если у Вас имеется снижение массы тела или истощение
- если Вы регулярно принимаете алкоголь
- если у Вас имеются тяжелые инфекции (например, сепсис), которые могут увеличить риск возникновения метаболического ацидоза. К симптомам метаболического ацидоза относятся:
 - глубокое, быстрое, затрудненное дыхание
 - тошнота, рвота
 - потеря аппетита

Необходимо немедленно обратиться за медицинской помощью при наличии всех вышеперечисленных симптомов одновременно.

Если симптомы сохраняются, следует проконсультироваться с врачом.

Перед применением препарата детям младше 3-х месяцев, родившимся недоношенными, следует проконсультироваться с врачом.

Препарат Детский Панадол содержит мальтитол жидкий, сорбитол жидкий, метилпарагидроксибензоат и пропилпарагидроксибензоат.

Препарат содержит мальтитол жидкий и сорбитол жидкий. Пациентам с редкой наследственной непереносимостью фруктозы не следует применять данное лекарственное средство.

Препарат содержит 150 мг сорбитола в 1 мл суспензии. Сорбитол может оказывать слабое слабительное действие. Сорбитол содержит 2,6 ккал/г.

Содержащиеся в препарате метилпарагидроксибензоат и пропилпарагидроксибензоат могут вызывать аллергические реакции, в том числе

замедленного типа.

Дети и подростки

Предназначен для применения у детей от 2-х месяцев до 12 лет.

Другие препараты и препарат Детский Панадол

Сообщите лечащему врачу или работнику аптеки о том, что Вы принимаете, недавно принимали или можете начать принимать какие-либо другие препараты.

Метоклопрамид и домперидон повышают, а колестирамин снижает скорость всасывания парацетамола.

Препарат при приеме в течение длительного времени усиливает эффект непрямых антикоагулянтов (варфарин и другие кумарины), что увеличивает риск кровотечений; разовые дозы не оказывают существенного влияния.

Беременность и грудное вскармливание

Если Вы беременны или кормите грудью, думаете, что забеременели, или планируете беременность, перед началом применения препарата проконсультируйтесь с лечащим врачом или работником аптеки.

Препарат предназначен для применения у детей.

Риск приема парацетамола во время беременности в отношении нарушения развития нервной системы плода на данный момент считается незначительным.

Парацетамол может применяться во время беременности в случае наличия показаний, но, как и прочие лекарственные препараты, его следует применять в минимально эффективной дозе и в течение короткого периода. Так же, как и в случае приема любых лекарственных препаратов во время беременности, перед приемом необходимо проконсультироваться с врачом.

Парацетамол выделяется с грудным молоком в незначительных количествах при применении в рекомендованных дозах.

Не противопоказан в период грудного вскармливания.

Управление транспортными средствами и работа с механизмами

Детский Панадол не оказывает влияние на способность управлять транспортными средствами и работать с механизмами.

3. Прием препарата Детский Панадол

Всегда принимайте препарат в полном соответствии с листком-вкладышем или с рекомендациями лечащего врача или работника аптеки. При появлении сомнений посоветуйтесь с лечащим врачом или работником аптеки.

Рекомендуемая доза

Предназначен для применения у детей.

Перед употреблением содержимое флакона следует хорошо взболтать (не менее 10 сек.). Дозирующий шприц, вложенный внутрь упаковки, позволяет правильно и рационально дозировать препарат.

Возраст ребенка	Разовая доза, мл
2-3 месяца - вес более 4 кг, - ребенок доношенный (роды произошли в срок не ранее 37 недель)	Однократно 2,5 мл (при необходимости допустимо использовать через 4-6 часов повторно 2,5 мл)

Не применять детям младше 2-х месяцев. Интервал между приемами не менее 4 часов. Не давать более 2-х доз.

Если требуется дополнительная доза и температура не снижается более 24 часов, необходимо проконсультироваться с врачом, чтобы исключить серьезное инфекционное заболевание.

Детям 2-3 месяцев возможно применение для симптоматического лечения реакции после вакцинации в разовой дозе 10-15 мг/кг. Если температура не снижается после 2-й дозы, следует обратиться к врачу.

Возраст ребенка	Разовая доза, мл	Частота приема (в течение 24 часов)
3-6 месяцев	2,5 мл	4 раза
6-24 месяцев	5 мл	4 раза
2-4 года	7,5 мл	4 раза
4-8 лет	10 мл	4 раза
8-10 лет	15 мл	4 раза
10-12 лет	20 мл	4 раза

Не принимать более 4 доз в течение 24 часов.

Максимальную суточную дозу 60 мг/кг следует разделить на дозы по 10-15 мг/кг в течение 24 часов.

Интервал между приемами не менее 4 часов.

Препарат не рекомендуется принимать более 3 дней без назначения и наблюдения врача.

Путь и (или) способ введения


Препарат Детский Панадол предназначен только для приема внутрь.

Инструкция по использованию мерного шприца:

1. Протолкните ползунок до упора, чтобы шприц был полностью закрыт. Затем прочно вставьте шприц в горлышко флакона.



2. Переверните флакон вверх дном и осторожно потяните ползунок для набора соответствующей дозы. Правильная доза будет обозначена в том месте, где широкие края ползунка указывают на отметку в «мл» на корпусе шприца.



3. Переверните флакон обратно и осторожно вытащите шприц из горлышка

флакона вращательными движениями.



После использования препарата:

- накройте флакон крышкой и проверните ее, чтобы прочно закрыть. Затем поверните крышку в обратную сторону, пока не услышите щелчок. Промойте мерный шприц теплой водой и высушите. Нет необходимости в стерилизации.

Не превышать рекомендованную дозу. Следует применять самую малую дозу препарата, необходимую для достижения эффекта, в самый короткий период лечения.

Продолжительность терапии

Препарат не рекомендуется принимать более 3 дней без назначения и наблюдения врача. При наличии вопросов по применению препарата Детский Панадол, обратитесь к Вашему лечащему врачу или работнику аптеки.

Если Вы приняли препарата Детский Панадол больше, чем следовало

В случае превышения рекомендованной дозы следует немедленно обратиться за медицинской помощью, даже при хорошем самочувствии, так как существует риск отсроченного серьезного повреждения печени.

Симптомами острого отравления парацетамолом в первые 24 часа являются тошнота, рвота, боли в желудке, потливость, бледность кожных покровов.

Лечение: При передозировке необходима незамедлительная медицинская помощь. Вам следует немедленно обратиться в больницу, даже если отсутствуют ранние симптомы передозировки. Симптомы могут ограничиваться тошнотой и рвотой или могут не отражать тяжести передозировки или риска поражения органов.

4. Возможные нежелательные реакции

Подобно всем лекарственным препаратам, препарат Детский Панадол может вызывать нежелательные реакции, однако они возникают не у всех.

Возможные нежелательные реакции, которые могут наблюдаться при приеме препарата Детский Панадол:

Очень редко (могут возникать не более чем у 1 человека из 10000):

- тромбоцитопения, агранулоцитоз
- анафилаксия
- кожные реакции гиперчувствительности, такие как кожная сыпь, отек Квинке (ангионевротический отек)
- синдром Стивенса-Джонсона, токсический эпидермальный некролиз
- бронхоспазм (как правило, наблюдается у пациентов с повышенной чувствительностью к ацетилсалициловой кислоте и другим НПВП)
- нарушение функции печени

Следует немедленно прекратить прием препарата и обратиться к врачу при возникновении вышеперечисленных побочных реакций, а также при появлении шелушения на коже, образования язвочек в полости рта, затруднения дыхания, отека

губ, языка, горла и лица, гематом, кровотечения или любой другой нежелательной реакции на препарат.

Эти симптомы бывают редко.

Сообщение о нежелательных реакциях

Если у Вас возникают какие-либо нежелательные реакции, проконсультируйтесь с врачом или работником аптеки. Данная рекомендация распространяется на любые возможные нежелательные реакции, в том числе на не перечисленные в листке-вкладыше. Вы также можете сообщить о нежелательных реакциях напрямую через систему сообщений государств – членов Евразийского экономического союза (см. ниже). Сообщая о нежелательных реакциях, Вы помогаете получить больше сведений о безопасности препарата.

Республика Казахстан

РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитета медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан

Адрес: 010000, г. Астана, район Байконур, ул. А.Иманова, 13

Тел.: + 7 (7172) 235-135

Эл. почта: farm@dari.kz

Сайт: www.ndda.kz

Республика Беларусь

Республиканское унитарное предприятие «Центр экспертиз и испытаний в здравоохранении»

Адрес: 220037, г. Минск, Товарищеский пер., 2а

Тел.: +375-17-242-00-29

Эл. почта: rcpl@rceth.by

Сайт: www.rceth.by

Республика Армения

ГНКО "Центр экспертизы лекарств и медицинских технологий"

Адрес: 0051, г. Ереван, пр. Комитаса, дом 49/5

Тел.: (+374 60) 83-00-73

Эл. почта: vigilance@pharm.am

Сайт: www.pharm.am

Кыргызская Республика

Департамент лекарственных средств и медицинских изделий при Министерстве здравоохранения Кыргызской Республики

Адрес: 720044, г. Бишкек, ул. 3-я линия, 25

Тел.: + 996 (312) 21-92-88

Эл. почта: vigilance@pharm.kg

Сайт: www.pharm.kg

Российская Федерация

Федеральная служба по надзору в сфере здравоохранения (Росздравнадзор)

Адрес: 109012, г. Москва, Славянская площадь, д. 4, стр. 1

Тел.: +7 (800) 550-99-03

Эл. почта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

Сайт: <https://www.roszdravnadzor.gov.ru>

5. Хранение препарата Детский Панадол

Храните препарат в недоступном для ребенка месте так, чтобы ребенок не мог увидеть его.

Не принимайте препарат после истечения срока годности (срока хранения),

указанного на картонной пачке и флаконе после «Годен до:».
Датой истечения срока годности является последний день данного месяца.

Хранить при температуре не выше 30 °С.

Не выливайте препарат в канализацию. Уточните у работника аптеки, как следует утилизировать (уничтожить) препарат, который больше не потребуется. Эти меры позволят защитить окружающую среду.

6. Содержимое упаковки и прочие сведения

Препарат Детский Панадол содержит

Действующим веществом является парацетамол.

1 мл суспензии содержит 24 мг парацетамола.

Вспомогательными веществами являются сорбитол жидкий (некристаллизующийся) (см. раздел 2 листка-вкладыша); камедь ксантановая; метилпарагидроксибензоат (см. раздел 2 листка-вкладыша); пропилпарагидроксибензоат (см. раздел 2 листка-вкладыша); кислота лимонная безводная; тринатрия цитрата дигидрат; глицерин (очищенный глицерин 99,5%); ароматизатор клубничный; динатрия эдетат; сукралоза; мальтитол жидкий (см. раздел 2 листка-вкладыша); вода очищенная.

Внешний вид препарата Детский Панадол и содержимое упаковки

Суспензия для приема внутрь для детей.

От матовой до полупрозрачной суспензия от белого до слегка коричневатого цвета.

По 100 мл препарата во флаконы из темного стекла, укуренные крышкой из полипропилена и полиэтилена, с полиэтиленовой вставкой с защитой от вскрытия детьми и контролем первого вскрытия.

1 флакон вместе с дозирующим шприцем, представляющим собой двухкомпонентный литой дозатор для лекарственных препаратов, состоящий из цилиндра (корпуса) шприца и плунжера (ползунка), изготовленных из полиэтилена и инструкцией по медицинскому применению на казахском и русском языках помещают в пачку картонную.

Держатель регистрационного удостоверения

Республика Казахстан

ТОО «Haleon Kazakhstan»

г. Алматы, ул. Манаса, 32А

Тел.: 8 (727) 244-69-99

Эл. почта: SafetyReportingEMEA@haleon.com (для сообщений о нежелательных явлениях), CIS.LOC-PQC@haleon.com (для сообщений о претензиях к качеству препарата)

Производитель

Швейцария

Haleon CH SARL

Route de l'Etraz, 1260 Nyon, Switzerland.

За любой информацией о препарате, а также в случаях возникновения претензий следует обращаться к держателю регистрационного удостоверения:

Республика Казахстан

ТОО «Haleon Kazakhstan»

г. Алматы, ул. Манаса, 32А

Тел.: 8 (727) 244-69-99

Эл. почта: SafetyReportingEMEA@haleon.com (для сообщений о нежелательных явлениях), CIS.LOC-PQC@haleon.com (для сообщений о претензиях к качеству препарата)

Листок-вкладыш пересмотрен

Прочие источники информации

Подробные сведения о данном препарате содержатся на веб-сайте Союза <http://ees.eaeunion.org/>.

ТІПІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН
БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО
ПЕЧАТЬЮ

(на _____ листах)

ПАРАК / ЛИСТОВ

КУНІ / ДАТА

26.03.25



Қосымша парақ - пациентке арналған ақпарат
Балалар Панадолы, 24 мг/мл, балаларға ішуге арналған суспензия

Әсер етуші зат: парацетамол.

Препаратты қабылдағанға дейін қосымша парақты толығымен оқып шығыңыз, өйткені онда сіз үшін маңызды ақпарат бар.

- Әрқашан препаратты емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсыныстарымен дәл қабылдаңыз.
- Қосымша парақты сақтаңыз. Сізге оны қайтадан оқу қажет болуы мүмкін.
- Егер Сізге қосымша ақпарат немесе ұсыныстар қажет болса, дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.
- Егер сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз. Бұл ұсыныс кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақтың 4-бөлімінде көрсетілмегендерге қолданылады.
- Егер жағдай жақсармаса немесе 3 күннен кейін нашарласа, дәрігерге жүгіну керек.

ҚОСЫМША ПАРАҚТЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Балалар Панадолы препараты деген не және ол не үшін қолданылады.
2. Ол туралы Балалар Панадолы препаратын қабылдағанға дейін білу керек.
3. Балалар Панадолы препаратын қабылдау.
4. Ықтимал жағымсыз реакциялар.
5. Балалар Панадолы препараттын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер.

1. Балалар Панадолы препараты дегеніміз не және ол не үшін қолданылады

Балалар Панадолы препаратының құрамында әсер етуші зат парацетамол бар. Фармакотерапиялық топқа жатады: Анальгетиктер және антипиретиктер (ауыруды басатын және ыстықты түсіретін).

Қолданылуы

Балалар Панадолы препараты:

ауыруды басатын дәрі ретінде

- тіс жарғанда
- тіс ауырғанда

- тамақ ауырғанда

ыстық түсіретін дәрі ретінде

- суық тию ауруларында

- тұмауда

- балалардың инфекциялық ауруларында (мысалы, желшешекте, көкжөтелде, қызылшада және эпидемиялық паротитте (шошқа-борықта))

- вакцинациядан кейін қолданылады.

Балалар Панадолы препаратының әсер ету тәсілі

Парацетамол орталықтық және шеткері әсер ететін ауруды басатын және ыстық түсіретін препарат болып табылады. Әсер ету механизмі әлі жеткіліксіз анықталған.

Ауруды басатын әсер простагландиннің синтезін тежеумен шартталған, негізінен орталық жүйке жүйесінде шеткері әсер аз айқындалған.

Ауыру және жылуды реттеу орталықтарына әсер ете отырып, орталық жүйке жүйесіндегі циклооксигеназаны бөгейді. Асқазан-ішек жолының шырышты қабығына және су-тұз алмасуына әсер етпейді, өйткені шеткері тіндердегі простагландиндер синтезіне әсер етпейді.

2. Балалар Панадолы препаратын қабылдағанға дейін не туралы білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Балалар Панадолы препаратын қолданбаңыз

- Егер Сізде парацетамолға немесе Балалар Панадолы препаратының кез келген басқа компоненттеріне (қосымша парақтың 6-бөлімінде көрсетілген) аллергияңыз болса;
2 айға дейінгі балаларға.

Айрықша нұсқаулар мен сақтық шаралары

Балалар Панадолы препаратын қолданар алдында дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен немесе мейіргермен кеңесу қажет.

Құрамында парацетамол бар. Құрамында парацетамол бар басқа дәрілермен бір мезгілде қабылдамаңыз.

Ұсынылған дозадан аспаңыз, себебі бұл бауырдың ауыр зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Препаратты қабылдау басталғанға дейін дәрігердің кеңесі қажет:

- егер сізде бауыр немесе бүйрек аурулары болса
- егер сіз варфарин немесе қанды сұйылтуға арналған басқа да препараттар қабылдасаңыз
- егер сізде дене салмағының төмендеуі немесе жүдеген болсаңыз

- егер сіз алкоголь жиі тұтынсаңыз

- егер сізде метаболизмдік ацидоз қаупін арттыратын ауыр инфекциялар (мысалы, сепсис) болса. Метаболизмдік ацидоздың симптомдарына мыналар жатады:

- терең, жылдам, тыныс алудың қиындауы
- жүрек айнуы, құсу
- тәбеттің жоғалуы

Жоғарыда аталған барлық симптомдар бір уақытта болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгіну керек.

Егер симптомдар сақталса, дәрігермен кеңесу керек.

Препаратты шала туған жасы 3 айдан кіші балаларға қолдану алдында дәрігерден кеңес алу керек.

Балалар Панадолы препаратының құрамында сұйық мальтитол, сұйық сорбитол, метилпарагидроксибензоат және пропилпарагидроксибензоат бар.

Препарат құрамында сұйық мальтитол және сұйық сорбитол бар. Сирек кездесетін туа біткен фруктоза көтере алмаушылығы бар пациенттерге осы дәрілік затты қолдануға болмайды.

Препарат құрамында 1 мл суспензияда 150 мг сорбитол бар. Сорбитол әлсіз іш жүргізетін әсер етуі мүмкін. Сорбитол 2,6 ккал/г құрайды.

Препарат құрамындағы метилпарагидроксибензоат және пропилпарагидроксибензоат аллергиялық реакцияларды, оның ішінде баяу типін тудыруы мүмкін.

Балалар мен жасөспірімдер

2 айдан 12 жасқа дейінгі балаларға қолдануға арналған.

Басқа препараттар және Балалар Панадолы препараты

Емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне сіз қабылдаған, жақында қабылдаған немесе қандай болмасын басқа препараттарды қабылдауға кіріскеніңіз туралы хабарлаңыз.

Парацетамолдың сіңу жылдамдығын метоклопрамид пен домперидон көтереді, ал колестирамин төмендетеді.

Ұзақ уақыт бойы қабылдағанда препарат тікелей емес антикоагулянттардың (варфарин және басқа кумариндер) әсерін күшейтеді, бұл қан кетулер қаупін арттырады; бір реттік дозалар айтарлықтай әсер етпейді.

Жүктілік және бала емізу

Егер сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізсеңіз, жүктімін деп ойласаңыз немесе жүкті

болуды жоспарлаңыз, препаратты пайдаланбас бұрын емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Препарат балаларда қолдануға арналған.

Қазіргі уақытта шарананың жүйке жүйесі дамуының бұзылуына қатысты жүктілік кезінде парацетамолды қабылдау қаупі маңызды емес болып саналады.

Парацетамол жүктілік кезінде көрсетілімдер болған жағдайда қолданылуы мүмкін, бірақ басқа дәрілік препараттар сияқты оны ең аз тиімді дозада және қысқа мерзім ішінде қолдану керек. Сондай-ақ, жүктілік кезінде кез-келген дәрілік препараттарды қабылдау жағдайларындағыдай, қабылдар алдында дәрігермен кеңесу керек.

Парацетамол ұсынылған дозаларда қолданған кезде емшек сүтімен аз мөлшерде бөлінеді.

Бала емізу кезеңінде қолдануға болмайтын жағдайлар жоқ.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Балалар Панадолы көлік құралдарын жүргізу және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етпейді.

3. Балалар Панадолы препаратын қабылдау

Препаратты әрдайым қосымша параққа немесе емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсыныстарына сәйкес қабылдаңыз. Күмән болған жағдайда емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

Балаларға қолдануға арналған.

Қолданар алдында құтының ішіндегісін жақсылап шайқау керек (кемінде 10 сек.).

Қаптама ішіне салынған дозалау шприці препаратты дұрыс және тиімді дозалауға мүмкіндік береді.

Баланың жасы	Бір реттік доза, мл
2-3 ай - салмағы 4 кг-ден астам, - мерзімі жетіп туған нәресте (37 апта толған мерзімде босану)	Бір реттік 2,5 мл (қажет болғанда 4-6 сағаттан кейін қайталап 2,5 мл пайдалануға болады)
Жасы 2 айдан кіші балаларда қолдануға болмайды. Қабылдаулар арасындағы аралық 4 сағаттан кем емес. 2 дозадан артық бермеу керек. Егер қосымша доза талап етілсе және температура 24 сағаттан ұзақ төмендемесе күрделі инфекциялық ауруды болдырмау үшін дәрігерден кеңес алу қажет.	


2-3 айлық балаларға бір реттік 10-15 мг/кг дозасы вакцинацияның кейін болатын реакциялардың симптоматикалық емі үшін қолданылуы мүмкін. Егер температура 2-ші дозадан кейін төмендемесе дәрігерге қаралу керек.		
Баланың жасы	Бір реттік доза, мл	Қабылдау жиілігі (24 сағат ішінде)
3-6 ай	2,5 мл	4 рет
6-24 ай	5 мл	4 рет
2-4 жас	7,5 мл	4 рет
4-8 жас	10 мл	4 рет
8-10 жас	15 мл	4 рет
10-12 жас	20 мл	4 рет
24 сағат ішінде 4 дозадан артық қабылдауға болмайды. 60 мг/кг барынша көп тәуліктік дозаны 24 сағатта қабылданатын 10-15 мг/кг дозаларға бөлу керек. Қабылдаулар арасындағы аралық 4 сағаттан кем болмау керек. Препаратты дәрігердің тағайындауынсыз және қадағалауынсыз 3 күннен артық қолдану ұсынылмайды.		

Енгізу жолы және (немесе) тәсілі

Балалар Панадолы препараты тек ішке қабылдауға арналған.

Өлшеуіш шприцті пайдалану жөніндегі нұсқаулық:

1. Шприц толығымен жабылу үшін сырғытпаны тірелгенше итеріңіз. Содан кейін шприцті құтының мойнына мықтап салыңыз.



2. Құтыны төңкеріп, тиісті дозаны алу үшін сырғытпаны ақырын тартыңыз. Дұрыс доза сырғытпаның кең жиектері шприц корпусындағы «мл» белгісін көрсететін жерде белгіленеді.



3. Құтыны қайтадан аударыңыз және шприцті айналмалы қозғалыстармен құтының мойнынан абайлап шығарыңыз.



Препаратты пайдаланғаннан кейін:

- құтыны қақпақпен жабыңыз және оны мықтап жабу үшін бұраңыз. Содан кейін, шертуді естігенше қақпақты кері қарай бұраңыз. Өлшеуіш шприцті жылы сумен шайып, құрғатыңыз. Стерилизацияның қажеті жоқ.

Ұсынылған дозадан асырмау керек. Емделудің ең қысқа кезеңі ішінде қажетті тиімділікке жету үшін ең аз дозаны қолдану керек.

Емнің ұзақтығы

Препаратты дәрігердің тағайындауынсыз және қадағалауынсыз 3 күннен артық қолдану ұсынылмайды.

Балалар Панадолы препаратын қолдану туралы сұрақтар туындаған жағдайда емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

Егер Сіз Балалар Панадолы препаратын қажет болғаннан көп қабылдаған болсаңыз

Ұсынылған дозадан асып кеткен жағдайда өзін жақсы сезінгеннің өзінде, дереу медициналық көмекке жүгінген жөн, өйткені кейіннен болатын күрделі бауырдың зақымдану қаупі бар.

Алғашқы 24 сағатта парацетамолмен жедел улану симптомдары жүрек айнуы, құсу, асқазанның ауыруы, тершеңдік, тері жабындарының бозандануы болып табылады.

Емі: Артық дозаланған кезде жедел медициналық көмек қажет. Артық дозалану ерте симптомдары болмаса да, пациентке дереу ауруханаға қаралу керек. Симптомдар жүрек айнуымен және құсумен шектелуі мүмкін немесе артық дозаланудың ауырлығын немесе ағзалардың зақымдану қаупін көрсетпеуі мүмкін.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттардағыдай Балалар Панадолы препараты жағымсыз реакцияларды тудыруы мүмкін, бірақ олар бәрінде бола бермейді.

Балалар Панадолы препаратын қабылдау кезінде байқалуы мүмкін ықтимал жағымсыз реакциялар:

Өте сирек (10000 адамның көп дегенде 1-де пайда болуы мүмкін):

- тромбоцитопения, агранулоцитоз
- анафилаксия
- тері бөртпесі, Квинке ісінуі (ангионевроздық ісіну) сияқты аса жоғары сезімталдықтың тері реакциялары
- Стивенс-Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз
- бронх түйілуі (әдетте ацетилсалицил қышқылына және басқа ҚҚСП-ға жоғары сезімталдығы бар пациенттерде байқалады)
- бауыр функциясының бұзылуы

Жоғарыда аталған реакциялар, сондай-ақ теріде қабыршақтану, ауыз қуысының ойық жаралары, тыныс алудың тарылуы, еріннің, тілдің, тамақтың және беттің ісінуі, гематома, қан кетулер немесе препаратқа басқа да кез келген жағымсыз реакциялары пайда болғанда препаратты тоқтатып, дереу дәрігерге қаралу керек.

Бұл симптомдар сирек кездеседі.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Егер сізде жағымсыз реакциялар болса, дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Бұл ұсыным кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта аталмаған реакцияларға қолданылады. Сіз сондай-ақ жағымсыз реакциялар туралы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің хабарламалар жүйесі арқылы тікелей хабарлай аласыз (төменде қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Мекенжай: 010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13

Тел.: + 7 (7172) 235-135

Эл. пошта: farm@dari.kz

Сайт: www.ndda.kz

Беларусь Республикасы

«Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен сынақтар орталығы» республикалық унитарлық кәсіпорны

Мекенжай: 220037, Минск, Беларусь, Товарищеский тұйық көш., 2а.

Тел.: +375-17-242-00-29

Эл. пошта: rcpl@rceth.by

Сайт: www.rceth.by

Армения Республикасы

«Дәрілер мен медициналық технологияларды сараптау орталығы» МКЕҰ

Мекенжай: 0051, Ереван қ., Комитас даңғ. 49/4

Тел.: (+374 60) 83-00-73

Эл. почта: vigilance@pharm.am

Сайт: www.pharm.am

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар департаменті

Мекенжай: 720044, Бішкек қ., 3-я линия көш., 25

Тел.: + 996 (312) 21-92-88

Эл. пошта: vigilance@pharm.kg

Сайт: www.pharm.kg

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласындағы қадағалау жөніндегі федералдық қызмет (Росздравнадзор)

Мекенжай: 109012, Мәскеу қ., Славянский алаңы, 4 үй, 1 құр.

Тел.: +7 (800) 550-99-03

Эл. поштасы: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

Сайт: <https://www.roszdravnadzor.gov.ru>

5. Балалар Панадолы препаратын сақтау

Препаратты бала оны көре алмайтындай етіп, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Картон қорапшасында және құтыда «дейін жарамды:» деп көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін препаратты қолданбаңыз. Жарамдылық мерзімі осы айдың соңғы күні болып табылады.

30 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препараттарды кәрізге төкпеңіз. Дәріхана қызметкерінен енді қажет емес препаратты қалай утилизациялау (жою) керектігін сұраңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер

Балалар Панадолы препаратының құрамында

Әсер етуші зат парацетамол болып табылады.

1 мл суспензияның құрамында 24 мг парацетамол бар.

Қосымша заттар сұйық сорбитол (кристалданбайтын) (қосымша парақтың 2 бөлімін қараңыз); ксантан шайыры; метилпарагидроксибензоат (қосымша парақтың 2 бөлімін қараңыз); пропилпарагидроксибензоат (қосымша парақтың 2 бөлімін қараңыз); сусыз лимон қышқылы; тринатрий цитрат дигидраты; глицерин (тазартылған глицерин 99,5%); құлпынай хош иістендіргіші; натрий эдетаты; сукралоза; сұйық мальтитол (қосымша парақтың 2-бөлімін қараңыз); тазартылған су.

Балалар Панадолы препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Балаларға ішуге арналған суспензия.

Күнгірттен жартылай мөлдір суспензияға дейін ақтан сәл қоңырлау түске дейін.

100 мл препараттан полипропиленнен және полиэтиленнен жасалған қақпақпен тығындалған, балалардың ашып алуынан қорғайтын және алғашқы ашылуын бақылайтын полиэтилен ендімесі бар қара шыныдан жасалған құтыларда.

1 құты полиэтиленнен жасалған шприцтің цилиндрінен (корпустан) және плунжерден (сырғытпадан) тұратын дәрілік препараттарға арналған екі компонентті құйма дозатор болып табылатын дозалайтын шприцпен және медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Қазақстан Республикасы

«Haleon Kazakhstan» ЖШС

Алматы қ., Манас көш., 32А

Тел.: 8 (727) 244-69-99

Эл. пошта: SafetyReportingEMEA@haleon.com (жағымсыз құбылыстар туралы хабарламалар үшін), CIS.LOC-PQC@haleon.com (препараттың сапасына қатысты наразылықтар туралы хабарламалар үшін)

Өндіруші

Швейцария

Haleon CH SARL

Route de l'Etraz, 1260 Nyon, Switzerland.

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар туындаған жағдайда тіркеу куәлігін ұстаушысына жүгіну керек:

Қазақстан Республикасы

«Haleon Kazakhstan» ЖШС

Алматы қ., Манас көш., 32А

Тел.: 8 (727) 244-69-99

Эл. пошта: SafetyReportingEMEA@haleon.com (жағымсыз құбылыстар туралы

хабарламалар үшін), CIS.LOC-PQC@haleon.com (препараттың сапасына қатысты наразылықтар туралы хабарламалар үшін)

Қосымша парақ қайта қаралды

Басқа ақпарат көздері

Осы препарат туралы толық ақпарат Одақтың <http://eec.eaeunion.org> веб-сайтында берілген.

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН
БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО И СКРЕПЛЕНО
ПЕЧАТЬЮ

____ (на _____ листах)

ПАРАК / ЛИСТОВ

КУНІ / ДАТА

28.03.25

